

**Серік  
Жақсыбаев,  
Екібастұз  
қаласының  
құрметті  
азаматы**

- 1991 жылдың қараша айында бұрынғы Екібастұз ауданында шығатын «Алға» газетінің бетінде 1992 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақ



# «ОТАРҚА» атауының мәні

тілінде шықпақшы Екібастұз қалалық газетіне оқырмандардың лайықты атау ұсынуы жөнінде конкурс жарияланғаны жазылған болатын-ды. Сол конкурсқа қатысу ниетімен осы жолдардың авторы да көп тебірене ойланып, толғанып, қаламызда жаңадан шығатын газеттің атауы «Отарқа» болсын деп тиісті орынға жазбаша мәлімет жіберген еді. Сонымен, конкурс қорытындысы бойынша менің ұсынысым қабылданып, қазақ тілінде шығатын қалалық газетіміз «Отарқа» атауына ие болды. Сонда қазақ жоралғысы бойынша осы газеттің кіндік атасы болғаныма қуанғанымды да айта кетуге болады демекпін.

Енді осы газет атауының мәнін біреу білсе, біреу білмес деген оймен былайша түсіндіре айтуға болады. Аталмыш атау «от» және «арқа» деген екі сөзден тұрады. «От» деген сөздің үш мағынасы бары белгілі.

1. Таскөмір мен ағаш көмірінің жарық пен қызу шығарып жануы;

2. Малға азық боларлық шөп;

3. Ауыспалы мағынада: күш, қуат, қайрат. Ал «арқа» деген сөз - «Сарыарқа» деген Қазақстанның орталық және шығыс бөлігін қамтитын физикалық-географиялық өлкенің қысқаша айтылатын атауы. Бұл өлкенің солтүстік-шығыс жағы Екібастұз аймағынан басталып, батысында Ұлытауға дейін 1200 шақырымға созылып жатыр, осы ұланғайыр өлкенің (арқаның)

ішінде Екібастұз аймағы кенді аймақтардың бірі емес, бірегейі болып саналады, атап айтқанда, Екібастұз жерінің асты да от (таскөмірі бар), үсті де от, яғни Шідерті, Өлеңті өзендері мен Қаныш Сәтбаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналы бойында, Ақкөл-Жайылмадағы 9 көлдің алқабы мен жазық даласында оты қалың мал жейтін табиғи шөбі мол жер. Сондықтан Екібастұз аймағы адамға да, малға да жайлы, көсегені көгертетін құтты аймақ, осындай ерекшеліктері бар аймақта жарық көретін газеттің атауы неге «Отарқа» болмасқа дейміз.

«Арқа» деген сөзбен аталатын, мысалы, Ақмола облысында «Арқа ажары» газеті шығады. Бұл газет 1928 жылдан Ақмола қаласында (қазіргі Астана) шыққан «Жаңа арқа» газетінің ізбасары. Ал Қарағанды облысында «Жаңа арқа» деген аудан бар.

Осы жерде кейбір оқырман «Арқа ажары» мен «Жаңа арқа» деген қос сөзден құралған атауларда екі сөз бөлек жазылады, ал «Отарқа» атауында екі сөз неге бірге жазылады деп ойлауы мүмкін. Бұған айтарымыз: жоғарыдағы алғашқы екі атауда бірінші сөздердің соңғы әрпі мен екінші сөздердің бастапқы әрпі дауысты дыбыс «а» болғандықтан екі сөз бөлек жазылады; ал үшінші атауда бірінші сөздің соңғы әрпі дауыссыз дыбыс «т» болып, екінші сөз дауысты дыбыс «а» әрпімен басталады. Сондықтан «от» пен «арқа» деген екі сөз қосылып жазылады.